

**«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

«Бизнес және құқық» жоғары мектебі

ЭЛЕКТИВТІК ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

**6В04101 - «Экономика»
2023-2027 оқу жылына арналған**

АЛМАТЫ, 2023

Элективті пәндер каталогы Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті оқу-әдістемелік кеңесінің (хаттама № 3 «28» март 2023 ж.) және Ғылыми кеңесінің (хаттама № 11, «05» сәуір 2023 ж.) шешімдерімен мақұлданған

Құрастырғандар: Кайырбаева А.Е., Кусайнова Ж.А., және Саурукова А.К.

Алғы сөз

Элективті пәндер каталогы (ЭПК) Қазақстан Республикасы БҒМ 2022 жылдың 18 тамызында №202 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен Білім беру бағдарламасы негізінде Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің оқу-әдістемелік жұмыстар бөлімімен құрастырылды.

ЭПК білім алушыларға жеке білім траекториясын құру үшін элективті оқу пәндерін және ПОҚ таңдау мүмкіндігімен қамтамасыз етеді. Білім беру бағдарламаларының және ЭПК негізінде білім алушылар эдвайзерлердің көмегімен жеке оқу жоспарын әзірлейді.

Каталог кестесінде жалпы білім беру пәндері (ЖБП) циклінің міндетті, таңдау пәндері, базалық пәндер (БП), кәсіптік пәндер (КП) циклінің жоғары оқу орнының міндетті және таңдау пәндері мен оның баламасының формуляры келтіріледі. ЭПК формулярында пәндердің қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі атаулары, пәннің қысқаша мазмұны, пререквизиттері мен постреквизиттері, ПОҚ аты-жөні, кредит саны мен курсты оқу семестрі көрсетілген.

Білім беру бағдарламасы: 6В04101 - «Экономика»

Берілетін дәреже: 6В04101 -
«Экономика» білім беру бағдарламасы
бойынша экономика бакалавры

1 Курс

Цикл	Код	Пәндер	Академ. кредиттер
1 СЕМЕСТР - 17 АКАДЕМИЯЛЫҚ КРЕДИТ			
Міндетті компонент - 7 кр.			
ЖБП	K(O)T 1104	Қазақ (Орыс) тілі	5
ЖБП	DSh 1107	Дене шынықтыру	2
Жоғары оқу орны компоненті - 5 кр.			
БП	ET 1201	Экономикалық теория	5
Таңдау компоненті - 5 кр.			
ЖБП	KSZhKM 1108	Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет	5
	Ekol 1108	Экология	
	TAK 1108	Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі	
	Eko 1108	Экономика	
	Kas 1108	Кәсіпкерлік	
	GZN 1108	Ғылыми зерттеулердің негіздері	
2 СЕМЕСТР – 30 АКАДЕМИЯЛЫҚ КРЕДИТ			
Міндетті компонент - 30 кр.			
ЖБП	KT 1101	Қазақстан тарихы	5
ЖБП	ShT 1103	Шетел тілі	10
ЖБП	ASBM (ASMP) 1106	Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (Әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)	8
ЖБП	K(O)T 1104	Қазақ (Орыс) тілі	5
ЖБП	DSh 1107	Дене шынықтыру	2
Жоғары оқу орны компоненті - 8 кр.			
БП	Mik 1202	Микроэкономика	6
БП	OP 1204	Оқу практикасы	2
Таңдау компоненті - 5 кр.			
БП	EIT 1203	Экономикалық ілімдер тарихы	5

Пәнді сипаттау формуляры

Пәннің коды мен атауы	ЕК 1201 Экономикалық теория
Пәннің ПОҚ	Джумабаева А.М., Саурукова А.К.
Пән циклі	БП / ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	6В04101 - «Экономика»
Академиялық кредит саны	5

Оқыту формасы Семестр Пәннің пререквизиттері	Күндізгі I Қазақстан тарихы; Адам.Қоғам.Құқық (мектеп бағдарламасы)
Пәннің постреквизиттері	Микроэкономика; Макроэкономика
Пәннің мақсаты	экономиканың үй шаруашылығы, фирмалар, елдер мен әлемдік шаруашылық деңгейінде қызмет етуін және дамуын анықтайтын, экономикалық құбылыстар мен процестердің мәнін ашып көрсететін негізгі базалық ұғымдар мен теориялық ережелерді зерттеу.
Пәннің мазмұны	Экономикалық теорияның пәні және зерттеу әдістері. Қоғамдық өндіріс негіздері. Экономикалық жүйелер. Қоғамдық шаруашылық нысандары. Меншік қатынастары және олардың экономикадағы рөлі. Нарық экономикалық қатынастар жүйесі ретінде. Капитал: мәні және нысандары. Кәсіпкерлік. Еңбек және капитал нарығы. Факторлық табыстардың қалыптасуы. Жер рентасы және кәсіпкердің табысы. Ұлттық экономика жүйе ретінде. Экономиканың циклдік дамуы. Жұмыссыздық және оның нысандары. Инфляция және оның түрлері. Ақша – несие және қаржы жүйесі. Экономикалық өсу. Әлемдік экономика.
Пәннің құзіреттілігі	<p>Пәнді меңгергеннен кейін бакалавр:</p> <ul style="list-style-type: none"> - негізгі экономикалық категорияларды; экономикалық талдау әдістері мен әдіснамасын; кез-келген субъект, фирма, мемлекет олардың негізінде шешім қабылдайтын қағидаларды біледі; - ұтымды ойлауға; экономиканы дамудың экономикалық заңдылықтары негізінде шешім қабылдауға; экономикалық құбылыстарды зерттеу кезінде экономикалық талдау моделін пайдалануға; неғұрлым тиімді шешімдер қабылдау мақсатында экономикалық агенттердің мінез-құлық қалыптастыруды түсінеді; - ұлттық және әлемдік экономиканың даму тенденциялары туралы экономикалық ақпараттарды талдау және оларды сыни тұрғыдан қабылдау дағдыларын қолдана алады; - экономикалық ойлау мәдениетін меңгеруге: көптеген нұсқалардың ішінен неғұрлым ұтымдысын таңдау шешімін, ең негізгісін анықтау мақсатында екінші кезекті мәселені дерексіздендіру; қоғам дамуының жекелеген мәселелері бойынша пайымдауларды әзірлеу үшін деректерді қорытындылау және түсіндіруге қабілеті болу; экономикалық теорияның базалық біліміне сәйкес ақпаратты талдау және қабылдауда, мақсаттар қоюда және жетістіктерге жету жолдарын таңдауда; экономикалық теория білімін ситуациялық және практикалық міндеттерді шешу кезінде қолдану;

	бакалаврларға оларды одан әрі оқыту үшін қажет, экономикалық проблемаларды зерттеудің жүйелік тәсілдерінің дағдыларын меңгеруге құзыретті .
Қорытынды бақылау формасы Мерзімі Әдебиеттер тізімі	<p>Емтихан</p> <p>1 академиялық кезең (15 апта) Негізгі әдебиеттер</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мэнкью Грегории Н., Тейлор Марк П. Экономика. 4-халықаралық басылым. -Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018 жыл – 848 бет. 2. Доғалов А.Н. Экономикалық теория: оқулық / А.Н. Доғалов, Н.С. Досмағанбетов.- Алматы: TechSmith, 2018.- 344 б. 3. Ахмедьярова М.В. Экономикалық теория: оқу құралы / Ахмедьярова М.В., Жоламанов Е.М., Оралтаев Т.; Т.Рысқұлов атындағы Жаңа экономикалық университеті. - Алматы, 2016. 4. Есенғалиева Қ.С. Экономикалық теория: оқулық / Қ.С. Есенғалиева; ҚР Білім және ғылым м-трлігі; Қазақстан-Британ техн. ун-ті.- Алматы: Экономика, 2015.- 576 б. 5. Куратко Д.Ф. Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика. 10-басылым.-Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018 жыл - 480 бет. 6. Мәуленова, С.С. Экономикалық теория: 1-бөлім: оқу құралы / С.С. Мәуленова, С.Қ. Бекмолдин, Е.Қ. Құдайбергенов.-2-бас., өнд.- Алматы: Эпиграф, 2017.- 184 б. 7. Есполов Т.И. Экономикалық теория: оқулық/Т.И. Есполов, Қ М. Бельгібаев, Ж.Ж. Сулейменов; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.-Алматы:ҚазҰАУ,Айтұмар,2012.- 261б. 8. Исқалиев М.Д. Экономикалық теория негіздері / М.Д. Исқалиев.- Алматы: [б. ж.], 2013.- 304 б. <p style="text-align: center;">Қосымша әдебиеттер</p> <ol style="list-style-type: none"> 9. Хамитова К. Экономика және кәсіпкерлік негіздері: оқулық / К. Хамитова.- 3-бас. толықт., өнд.- Астана: Фолиант, 2016.- 200 б.- (Кәсіптік білім). 10. Лашкарева О.В. Экономическая теория: учебное пособие / О.В. Лашкарева.- Алматы: TechSmith,2018.- 260 с. 11. Қамысбаев М.Қ. Микроэкономика: экономикалық маманд. оқитын күндізгі оқу бөлімінің студенттеріне арн. әдістемелік нұсқау / М.Қ. Қамысбаев, Б.М. Асанов, Ж. Жарылқасын; ҚазҰАУ.- Алматы, 2012.- 30 б. 12. Пястолов С.М. Экономическая теория: учебник / С.М. Пястолов.- 6-е изд., стереотип.- М.: Академия, 2017.- 272 с.

Пәннің коды мен атауы	KSZhKM 1108 Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет
Пәннің ПОҚ	Аюпова З., Жаксымбетов Б.П., Омиржанов Е.
Пән циклі	ЖБП / ТК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	6В04101 – «Экономика»
Академиялық кредит саны	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	I
Пәннің пререквизиттері	Қазақстан тарихы; Адам.Қоғам.Құқық (мектеп бағдарламасы)
Пәннің постреквизиттері	Қорытынды аттестаттау
Пәннің мақсаты	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалар аясындағы құқықтық сауаттылықты арттыруға және студенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарастарын, мінез - құлықтарының стандартын, сыбайлас жемқорлықтың кез - келген көріністеріне қырын қарауды қалыптастыру.
Пәннің мазмұны	Мемлекет пен құқықтың түсінігі мен белгілері. Мемлекет пен құқықтың шығу тегі жөніндегі негізгі теориялар. Объективтік құқық және субъективтік құқық. Құқықтың саясатпен, моральмен, экономикамен байланыстылығы. Құқықтың атқаратын қызметтері (функциялары). Құқықтық жүйе, құқық жүйесі мен заңнама жүйесі түсініктерінің арақатынасы. Нормативтік құқықтық актілердің түсінігі, жалпы сипаттамасы, түрлері мен топтастырылу өлшемдері. Құқық нормасының түсінігі мен белгілері. Құқық нормасының құрылымы. Гипотеза, диспозиция, санкция мен олардың түрлері. Құқықтық қатынас түрлері. Құқықтық қатынастың құрылымы. Құқық қабілеті мен әрекет қабілеті. Құқықтық қатынастың субъектілері мен объектілері. Құқықтық қатынастың мазмұны. Субъективтік құқық пен заңды міндет. Жеке және заңды тұлға. Құқық бұзушылықтың заңды құрамы. Заңды жауапкершілік, оның түрлері. Заңды жауапкершіліктен босатудың негіздері. Қазақстан Республикасының конституциялық құқық негіздері. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығының негіздері. Қазақстан Республикасының еңбек құқығы негіздері. Қазақстан Республикасының азаматтық құқық негіздері. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқық негіздері. Қазақстан Республикасының экологиялық құқық негіздері. Қазақстан Республикасының жер құқығы негіздері. Халықаралық құқық негіздері, «Сыбайлас жемқорлық» түсінігінің теориялық – әдістемелік негіздері. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет субъектілері және олардың құзыреттері. Сыбайлас жемқорлықтың этикалық және типологиялық қырлары

	және олардың тарау аясы. Сыбайлас жемқорлық – адам құқығын бұзушы фактор ретінде. Сыбайлас жемқорлық – ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіруші ретінде. Сыбайлас жемқорлықтық құқық бұзушылықтар, оның құрамы.
Пәннің құзіреттілігі	<p>Пәнді меңгергеннен кейін бакалавр:</p> <ul style="list-style-type: none"> - адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, міндеттерін білу; Қазақстан Республикасындағы әрекет етуші негізгі нормативтік құқықтық актілерді білу, олардың қолдану аясын дұрыс түсіну; халықаралық заңдылықтарды білу; құқық салаларын ажырата білу, сыбайлас жемқорлықтың мәнін және оның пайда болу себептерін; сыбайлас жемқорлықтық құқық бұзушылық үшін моральдық – өнегелік және құқықтық жауапкершілікті; сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет аясындағы әрекет етуші заңнамаларды біледі; - моральдық сананың құндылықтарын жүзеге асыруда және күнделікті тәжірибеде өнегелік нормаларды ұстану; өнегелік және құқықтық мәдениет деңгейін арттыру; сыбайлас жемқорлықты алдын алудағы рухтық - өнегелік тетіктерді іске асыруды түсінеді; - қарастырылатын әрбір құқық саласына жүйелі түсінік жасай біліп, қазіргі ғылыми зерттеулерге сын көзқараспен қарап, тұжырымдарды қолдана алады; <p>проблемаларды шешудегі дербестік пен түпнұсқалық және кәсіби деңгейде дербес жоспарлауды және шешуге жетілген құқықтық сана, құқықтық ой - өріс және құқықтық мәдениет негізінде кәсіби қызметті жүзеге асыру; нақты заң талаптарына сәйкес шешім қабылдау және заңдық әрекетті жүзеге асыруға құзыретті.</p>
Қорытынды бақылау формасы	Емтихан
Мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Турдалиев, Ә.О. Сыбайлас жемқорлықпен күрес стратегиясы: оқу құралы / Ә.О. Турдалиев, Ж.Ж. Жағыпар.- Алматы: МонтеКристо, 2018.- 372 б. 2. Ағыбаев, А.Н. Парақорлық үшін қылмыстық жауаптылық: оқу құралы / А.Н. Ағыбаев, А.Т. Қожаниязов.- Алматы: Эпиграф, 2019.- 160 б. 3. Мырзатаев, Н.Д. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес: оқу құралы / Н.Д. Мырзатаев.- Алматы: Эпиграф, 2019.- 112 б 4. Ағыбаев, А.Н. Ответственность за отдельные виды коррупционных правонарушений по новому уголовному Кодексу Республики Казахстан: учеб. пособие / А.Н. Ағыбаев.- Алматы: Эпиграф, 2019.- 88 с.

	<p>5. Сейтхожин, Б.У. Квалификация коррупционных преступлений: теория и практика применения: учеб. пособие / Б.У. Сейтхожин, Б.Ш. Сарсембаев, А.Х. Феткулов.- Алматы: Эпиграф, 2019.- 204 с.</p> <p>Қосымша әдебиеттер:</p> <p>6. Баймолдина, С.М. Актуальные проблемы борьбы с коррупцией и организованной преступностью: учеб. пособие / С.М. Баймолдина.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 184 с.</p> <p>7. Сыроежкин, К.Л. Охота на "тигров": почему и как в Китае борются с коррупцией: моногр. / К.Л. Сыроежкин; КИСИ при Президенте РК.- Астана: КИСИ при Президенте РК, 2016.- 388 с.</p> <p>8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы.- Алматы: Альманах, 2017.- 30 б.- (Заң кітапханасы).</p> <p>9. Бартлетт. ДЖ. Білім берудегі зерттеулер. Кіріспе /С.Бартлетт, Д. Бертон: қаз.тіліне ауд.Б.М.Мизамхан-Нұр-Сұлтан: Ұлттық аударма бюросы, 2020. -464б. (Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі100 жаңа оқулық)</p> <p>Пайдаланылатын нормативтік-құқықтық актілер:</p> <p>11. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдумда қабылданған) (2017 жылғы 10 наурыздағы өзгерістер мен толықтыруларымен). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1005029</p> <p>12. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі.-Алматы: ЮРИСТ, 2015. – 268 б. 30-тарау «Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық» 185 бет.</p> <p>13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2015-2025 жылдарға арналған салалық бағдарламасы</p>
--	---

Пәннің коды мен атауы	Еко1108 Экология
Пәннің ПОҚ	Куандыкова Э.М., Сагидолдина Ж.Е., Сайкенов Б.Р., Аубакиров Н.П.
Пән циклі	ЖБП / ТК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	6В04101 - «Экономика»
Академиялық кредит саны	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	I
Пәннің пререквизиттері	Химия; Биология (мектеп бағдарламасы)
Пәннің постреквизиттері	Табиғи ресурстар және тұрақты даму. Жануарлар мен өсімдіктер экологиясы.
Пәннің мақсаты	Экологиялық танымды қалыптастыру, қоғам мен табиғаттың тұрақты даму негіздері туралы терең білім алу, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды

		тиімді пайдаланудың заманауи тәсілдері бойынша теориялық және практикалық білім алу.
Пәннің мазмұны		Экология және оның қысқаша даму тарихы. Экология туралы түсінік. Популяциялар экологиясы – демэкология. Популяция туралы жалпы мағлұмат. Популяция құрылымы мен түрлері. Қауымдастықтар экологиясы-синэкология. Синэкологияның зерттеу объектілеріне жалпы сипаттама. Биосфера және оның тұрақтылығы. Биосфера – ғаламдық экожүйе ретінде. Табиғат ұғымына анықтама. Ресурстардың жіктелуі. Табиғат пен қоғамның өзара әсерлесу тарихы. Қазіргі заманның әлеуметтік экологиялық проблемалары. Ауылшаруашылық жерлерін тиімді пайдаланудың маңызы. Жасыл экономика және тұрақты даму. Қалдықсыз және аз қалдықты өндірістік технологиялар.
Пәннің құзіреттілігі		<p>Пәнді меңгергеннен кейін білім алушы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - біледі: экология ғылымының қалыптасу тарихы мен оның мәселелерін, табиғат қорғауды және рационалды табиғат пайдалануды; тірі ағзалардың тіршілік ортасының экологиялық жағдайын, қоршаған ортаға факторлардың әсер ету заңдылығын; - түсінеді: табиғатта және қоғамда пайда болатын құбылыстардың арасындағы себеп-салдарлық байланысты анықтауды түсіну; - қолдана алады: алынған білімді қойылған міндеттерді шешу үшін, экологиялық процестерді талдау, табиғат пен қоғамның тұрақты дамуының басымдықтары мен міндеттерін қою кезінде қолдану; - құзретті: табиғи органы қорғау және табиғатты пайдалану саласында; Биосфера мен биоалуантүрліліктің тұрақтылығын сақтау және апатты дағдарыссыз социумды дамыту мақсатында; орта факторларының әсер ету дәрежесін анықтауда.
Қорытынды формасы Мерзімі Әдебиеттер тізімі	бақылау	<p>Емтихан</p> <p>1 академиялық кезең (15 апта)</p> <p>Негізгі әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Зарубаев, Г.М. Ключи к экологии / Г.М. Зарубаев, М.Г. Мухажанова; МОН РК; Тараз. гос. пед. ун-т.- Тараз: Формат-Принт, 2019.- 114 с. 2. Мустафаева, Р.М. Экология [Текст]: учеб. пособие / Р.М. Мустафаева.- Алматы: Альманах, 2019. 3. Ибрагимова, Г.Н. Экологиялық сараптама [Мәтін]: лабораториялық практикум / Г.Н. Ибрагимова.- Алматы: Эверо, 2017.- 136 б. 4. Бейсенова, Р.Р. Экология және тұрақты даму [Мәтін]: оқулық / Р.Р. Бейсенова.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 160 б.

5. Оспанова, Г.С. Экология [Мәтін]: оқулық / Г.С. Оспанова, Г.Т. Бозшатаева.- 2-бас.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 315 б.

Қосымша әдебиеттер:

6. А.К.Таныбаева, К.Д. Абубакирова, С.О. Кожажулов.,Т.А. Базарбаева. «Экология и устойчивое развитие. Учебнометодическое пособие. Алматы, 2015

7. Колумбаева С.Ж., Бильдебаева Р.М., Шарипова М.А. Экология и устойчивое развитие Казахстана. Учебное пособие. Алматы, 2011

8. Зарубаев, Г.М. Экология и устойчивое развитие [Текст]: конспект лекций / Г.М. Зарубаев, С.С. Амандосова; МОН РК; Тараз. гос. пед. ин-т.- Тараз: ТГПИ, 2015.- 264 с.

9. Стандарты качества окружающей среды: учеб. пособие для вузов / Н.С.Шевцова, Ю.Л.Шевцов, Н.Л.Бацукова [и др.]; под ред. М.Г.Ясовеева.- Мн.-М.: Новое знание; ИНФРА-М, 2015.- 156 с.

10. Сулейменова, Н.Ш. Окружающая среда и человек [Текст]: учебник для вузов / Н.Ш. Сулейменова, Б.Ж. Махамедова, М.В. Филипова.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 264 с.

Пәннің коды мен атауы	ТАК 1108 Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі
Пәннің ПОҚ	Хамитов Н.М., Калкабаева А.Е.
Пән циклі	ЖБП / ТК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	6В04101 - «Экономика»
Академиялық кредит саны	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	I
Пәннің пререквизиттері	«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» (мектеп бағдарламасы)
Пәннің постреквизиті	Еңбек қорғау, Дипломдық жұмыс
Пәннің мақсаты	Еңбек процесінде адамға қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың ең аз әсерімен өндірісті ұйымдастыруға студенттерді дайындау
Пәннің мазмұны	Еңбекті қорғаудың ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелері. Жарақаттану мен кәсіби ауруларды талдау, олардың алдын алу. Оқыту, нұсқаулықтар, нұсқаулар, еңбекті қорғау бойынша. Өндірістік үй-жайлардың микроклиматы. Өндірістік шу және діріл. Өндірістік жарықтандыру. Қауіпсіздікті қамтамасыз етудің техникалық құралдары. Электр қауіпсіздігі. Ауыл шаруашылығы техникасын жөндеу және техникалық қызмет көрсету кезіндегі еңбек қауіпсіздігі. Көтергіш-көліктік және энергия күштік жабдықтарды пайдалану кезіндегі еңбек қауіпсіздігі. Көлік және тиеу-түсіру

	жұмыстарындағы еңбек қауіпсіздігі. Өрт қауіпсіздігі. Гимараттар мен құрылыстарды найзағайдан қорғау.
Пәннің құзіреттілігі	<p>-біледі еңбекті қорғау саласындағы ҚР нормативтік актілерінің негізгі ережелерін, Өндірістегі еңбекті қорғауды басқару жүйесін; Еңбекті қорғау жөніндегі талаптардың бұзылуын тудыратын өндірістік процестер, қауіпсіздік проблемаларын шешу үшін қажетті адамдардың көп функциялы қызметі туралы;</p> <p>- түсінеді өндірістік жарақаттанудың алдын алу бойынша нақты инженерлік міндеттерді шеше білу, Қауіпті және зиянды факторлардан қорғану тәсілдері мен құралдарын қолдана білуді; өндірістегі ықтимал қауіп пен зияндылықтың алдын алу және болжау;</p> <p>- қолдана алады еңбекті қорғау саласында білім мен іскерлікті тиімді пайдалану, ойлау мәдениеті және өзінің кәсіби қызметінің нәтижелерін баяндау дағдыларын;</p> <p>- құзіретті еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы негізгі нормативтік-құқықтық актілер мәселелерінде құзыретті болу; жұмыс істеушілерге қауіпті және зиянды факторлардың әсерін болдырмау бойынша техникалық, ұйымдастырушылық, санитарлық-гигиеналық іс-шараларды әзірлеуде; еңбекті қорғауға қатысты техникалық және жобалық құжаттаманы әзірлеу және жасау, бақылауды ұйымдастыру және жүргізуде.</p>
Қорытынды формасы Мерзімі	Емтихан 1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі әдебиеттер</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қыстаубаева З.Т. Тіршілік қауіпсіздігі негіздері [Мәтін]: оқу құралы /Алматы: ССК, 2019.- 272 б. 2. М.О.Байтуганова., Е.В.Комлева., Н.Ж.Нұрмағанбет., А.Р.Тусупханова. Еңбек қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі [Мәтін]: оқу құралы / ҚР Білім және ғылым м-трлігі. Алматы: ССК, 2019.- 424 б. 3. Қ.Т.Жантасов., Е.Н.Кочеров., А.С.Наукенова., М.Қ.Жантасов. Еңбекті қорғау және тіршілік қауіпсіздігі [Мәтін]: оқулық / -Алматы: Эпиграф, 2016.- 588 б. 4. Жилисбаева Р.О. Кәсіпорындардағы техникалық қауіпсіздік және еңбекті қорғау [Мәтін]: оқулық /Қарағанды: Medet Group, 2018.- 230 б. 5. Байтуганова М.О. Охрана труда и безопасность жизнедеятельности [Текст]: учеб.пособие/Алматы: ССК, 2019.-344 с. <p>Қосымша әдебиеттер</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Трудовой Кодекс РК. 2. Беляков Г.И. Безопасность жизнедеятельности на производстве. Охрана труда.2010г 3. Зотов Б.И., Курдюмов В.И. Безопасность

	<p>жизнедеятельности на производстве.2012г</p> <p>4. Раздорожный А.А. Охрана труда и производственная безопасность.</p> <p>5. Зотов Б.И., Курдюмов В.И. Проектирование и расчет средств обеспечения безопасности 2009г</p>
--	--

Пәннің коды мен атауы	Еко1108 Экономика
Пәннің ПОҚ	Джумабаева А.М., Бейсенова Г.Ш.
Пән циклі	ЖБП / ТК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	6В04101 - «Экономика»
Академиялық кредит саны	5
Оқыту формасы	күндізгі
Семестр	I
Пәннің пререквизиттері	Кәсіпкерлік негіздері (орта мектеп бағдарламасы)
Пәннің постреквизиті	Аграрлық экономика, Бизнесті ұйымдастыру
Пәннің мақсаты	Экономикалық ойлауды қалыптастыру, нарықтық экономика туралы білім алу, мемлекеттің экономикалық саясаты ұғымы.
Пәннің мазмұны	<p>Экономика пәні және зерттеу әдістері. Меншік қатынастары және олардың экономикадағы рөлі. Экономикалық жүйелердің түрлері.Қоғамдық өндіріс негіздері. Натуралды және тауарлық өндіріс. Ақша және олардың экономикалық рөлі. Ақшаның түрлері мен қызметтері. Нарықтық жүйенің қызмет ету механизмінң негіздері. Бәсекелестік ұғымы. Экономикадағы бәсекелестіктің маңызы. Фирма және кәсіпкерлік теориясының негіздері. Фирманың шығындары мен табысы. Ұлттық экономика негіздері: мазмұны құрылымы және нәтижесін өлшеу. Экономикалық өсудің түсінігі мен қажеттілігі. Экстенсивті және интенсивті экономикалық өсу. Жұмыссыздық ұғымы. Жұмыссыздық түрлері. Инфляцияның түсінігі, түрлері және себептері. Ұлттық экономикадағы қаржы және ақша несие жүйесінің негіздері. Әлемдік экономика қызмет етуінің экономикалық негіздері.</p> <p>Пәнді меңгергеннен кейін бакалавр:</p> <ul style="list-style-type: none"> - біледі нарықтық экономиканың негізгі заңдылықтары; - түсінеді: нарықтарда экономикалық агенттердің өзара іс-қимыл тетігі; - қолдана алады: осы пәнді оқу барысында алған теориялық білімін тәжірибеде; - құзретті: тиімді шаруашылық шешімдердің нұсқасын кәсіби тұрғыдан дамыту және дәлелдеуде.
Пәннің құзіреттілігі	
Қорытынды бақылау формасы	Емтихан
Мерзімі	1 кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі әдебиеттер

1. Мэнкью Грегории Н., Тейлор Марк П. Экономикс. 4-халықаралық басылым. -Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018 жыл - 848 бет.
2. Экономикалық теория = Economic theory = Экономическая теория: Оқу құралы=Textbook=Учебное пособие. / Алматы Менеджмент Университет. - Алматы: AlmaU, 2018. - 440 б.
3. Доғалов А.Н. Экономикалық теория [Мәтін]: оқулық / А.Н. Доғалов, Н.С. Досмағанбетов.- Алматы: TechSmith, 2018.- 344 б.
4. Куратко Д.Ф. Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика. 10-басылым.-Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018 жыл - 480 бет.
5. Экономика негіздері : Оқу құралы. . - Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2017. - 67 б.-1503 КБ
6. Мәуленова, С.С. Экономикалық теория: 1-бөлім: оқу құралы / С.С. Мәуленова, С.Қ. Бекмолдин, Е.Қ. Құдайбергенов.- 2-бас., өнд.- Алматы: Эпиграф, 2017.- 184 б.
7. Ахмедьярова М.В. Экономикалық теория: оқу құралы / Ахмедьярова М.В., Жоламанов Е.М., Оралтаев Т.; Т.Рысқұлов атындағы Жаңа экономикалық университеті. - Алматы, 2016.
8. Есенғалиева Қ.С. Экономикалық теория: оқулық / Қ.С. Есенғалиева; ҚР Білім және ғылым м-трлігі; Қазақстан-Британ техн. ун-ті.- Алматы: Экономика, 2015.- 576 б.
9. Экономика негіздері: Оқу құралы. . - Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2017. - 67 б.-1503 КБ
10. Экономика негіздері [Электрондық ресурс]: оқу құралы / Ж.Я.Әубәкірова, Н.А.Маженова, А.Б.Айтбембетова, Г.К.Иляшова; әл-Фараби атын. ҚазҰУ.- Алматы: Қазақ университеті, 2017.- 230 б.
11. Экономикалық теория негіздері [Электрондық ресурс]: оқу әдістемелік кешені: УМКД / Ә. Саяпил [ж.б.]; ҚазҰАУ.- Алматы: Айтұмар, 2014.- 85 б.

Пәннің коды мен атауы	Кас 1108 Кәсіпкерлік
Пәннің ПОҚ	Куралбаева Р.Е., Бейсенова Г.Ш.
Пән циклі	ЖБП / ТК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	6В04101 - «Экономика»
Академиялық кредит саны	5
Оқыту формасы	күндізгі
Семестр	I
Пәннің пререквизиттері	«Кәсіпкерлік негіздері» мектеп бағдарламасы
Пәннің постреквизиті	Бизнесті ұйымдастыру
Пәннің мақсаты	Студенттердің теориялық, ғылыми және практикалық білім арқылы жаңа тауар жасау мен қызмет көрсету

		бойынша кәсіпкерлік қызметке дайындығын қалыптастыру. Студентке бизнес-жоспар дайындау мен кәсіпкерлік қызметті ұйымдастырудың бизнес-идеясын әзірлеуді үйрету.
Пәннің мазмұны		Кәсіпкерліктің экономикалық негіздері. Маркетинг және маркетингтік зерттеулер. Сату стратегиясы. Кәсіпкерлік қызметті ресурстық қолдау. Бизнеске салық салу жүйесі. Бизнесінің қаржылық моделі. Инвестицияларды тарту және мемлекеттік қолдау шаралары. Кәсіпкерлер қызметіндегі бизнес-жоспарлау. Бизнесіні дамыту стратегиясы. Кәсіпкерлік қызметті тоқтату.
Пәннің құзіреттілігі		Пәнді меңгергеннен кейін бакалавр: білу керек - Кәсіпкерлік қызметтің мәнін, ұйымдастыру мен басқару негіздерін; Түсіну -Жеке ұйым деңгейіндегі экономикалық құбылыстар мен процестердің мәнін, олардың өзара байланысы мен өзара тәуелділігін; Қолдану -Кәсіби қызметте бизнес құрылымдарды жедел және стратегиялық басқару әдістерін; Құзыретті болуы - Өртүрлі аналитикалық әдістерді қолдана отырып, тиісті ақпаратты талдау арқылы шешімдер қабылдау және олардың салдарын бағалауда.
Қорытынды формасы	бақылау	Емтихан
Мерзімі	Әдебиеттер тізімі	1 академиялық кезең (15 апта) Негізгі әдебиеттер 1. К.М. Жумаксанова, Р.Ж, Дүйскенова, А.Т. Алдажарова, А.З. Нурпейсова. Кәсіпкерлік қызмет негіздері және туризмдегі бухгалтерлік есеп: Оқу құралы. - Алматы, 2020. - 112б. 2. М.Б. Турабаева, О.В. Силаева; Экономика негізі және кәсіпкерлік» модулі: Оқулық. / Құраст. Қарағанды мемлекеттік индустриялық университеті. - Темиртау, 2020. - 34б. 3. Калиева, А.Е., Салибекова, П.Қ. Инновациялық кәсіпкерлік: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 169б. 4. Сыдыбаева, М.А., Досаналиева, А.Т. Интернет-кәсіпкерлік: Оқу-әдістемелік құрал. - Алматы: «Тұран» Университеті, 2020. - 125б. 5. Бове К.Л. Қазіргі бизнес-коммуникация [Электронный ресурс] / К.Л. Бове, Дж.В. Тилл; ауд. А.Қуанышбекова, М.Қожақанова, Д.Мәзен; "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры.- 14-бас.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019.- 736 б.- (Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық). 6. А. Азимхан, Г.С. Дюсембекова, Г.Д. Баяндина, С.М. Хасенова, Г.К. Кенжетаева. Кәсіпкерлік іс-әрекет

негіздері: Оқу құралы. / - Павлодар: Кереку, 2019. - 129б.

7. Кәсіпкерлік: Жоғары оқу орыны студенттеріне арналған оқу құралы . / М. Б. Султанова, Ж. Ж. Габбасова, Ж. Б. Кенжин. - Орал: Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, 2019. - 139б.

8. Кәсіпкерлікті ұйымдастыру [Мәтін]: оқу құралы / К.Н.Оразбаева, Ә.Б.Жетпісова, Г.Т.Серікова, Г.А.Сақауова.- Алматы: TechSmith, 2018.- 248 б.

9. Кәсіпкерлік стратегиялар: Оқу құралы. / К.Р. Касенов, Ә.Қ. Агзам, А.Ж. Аманқосов; әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. - 242б.

10. Куратко Д.Ф. Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика [Мәтін] / Д.Ф. Куратко; ауд. М.Қыстаубаева, Б.Сабденәлиев, М.Сейітжаппарұлы [ж.т.б.].- 10-бас.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018.- 480 б.- (Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық).

11. Шваб К. Төртінші индустриялық революция [Мәтін] / К. Шваб; ауд. Н.Б.Ақыш, Л.Ә.Бимендиева, К.І.Матыжанов.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018.- 200 б.- (Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық).

12. Исабеков Б.Н. Инновация және кәсіпкерлік [Мәтін]: оқулық / Б.Н. Исабеков, Л.Қ. Мұхамбетова; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Астана: Басп. ж., 2017.- 680 б.

13. Султанбеков, М.Б. Кәсіпкерлік іс-әрекет негіздері және экономика салалары: Оқу құралы. - Павлодар: Кереку, 2017. - 109б.

14. Бизнес-жоспар [Мәтін]: оқу құралы / К.Е.Ертаев, Л.Г.Гербеев, К.О.Смагулова, А.М.Дәуренбеков.- Алматы: Эверо, 2017.- 124 б.

15. Хамитова К. Экономика және кәсіпкерлік негіздері [Мәтін]: оқулық / К. Хамитова.- 3-бас. толықт., өнд.- Астана: Фолиант, 2016.- 200 б.

16. Мэнкью Грегории Н., Тейлор Марк П. Экономикс. 4-халықаралық басылым.-Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018 жыл - 848 бет.

Қосымша әдебиеттер

9. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы "30" мамырдағы № 338 қаулысымен. 2020 – 2024 жылдарға арналған қаржылық сауаттылықты арттыру тұжырымдамасы

10. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) / Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №

Пәннің коды мен атауы	GZN 1108 Ғылыми зерттеу негіздері
Пәннің ПОҚ Пән циклі Оқу деңгейі	Керимова У.К., Бейсенова Г.Ш ЖБП / ТК Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	6B04101 - «Экономика»
Академиялық кредит саны Оқыту формасы Семестр Пәннің пререквизиттері	5 күндізгі I Қазақстан тарихы; Адам. Қоғам.Құқық (мектеп бағдарламасы)
Пәннің постреквизиті Пәннің мақсаты	Маркетинг, Менеджмент Пәннің зерттеу аймағы - ғылыми зерттеудің әдіснамасы мен әдістері, оларды ұйымдастыру жолдары табылады
Пәннің мазмұны Пәннің құзіреттілігі	Ғылыми теорияның пәні және зерттеу әдістері. Ғылыми зерттеудің әдіснамасы мен әдістерін меңгеруі, талдау, синтез және абстрактылы ойлау әдістері. Пәнді меңгергеннен кейін білім алушы: - теориялық курсты оқу нәтижесінде студент ғылыми зерттеудің әдіснамасы мен әдістерін меңгеруі, талдау, синтез және абстрактылы ойлау әдістерін пайдалана отырып, проблемалық жағдайларды анықтай алуы қажет. - пәнді меңгеру нәтижесінде студент ғылыми материалдарды баяндау және ғылыми жұмыс мәтінін қалыптастыру дағдыларын меңгереді. - курсты оқу барысында алған білімі кәсіптік циклдің пәндерін игеруге, кәсіптік тәжірибеден өтуге, дипломдық жобаны дайындауға қажет.
Қорытынды бақылау формасы Мерзімі	Емтихан 1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі әдебиеттер 1. Мэнкью Грегории Н., Тейлор Марк П. Экономикс. 4-халықаралық басылым. -Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018 жыл – 848 бет. 2. Доғалов А.Н. Экономикалық теория: оқулық / А.Н. Доғалов, Н.С. Досмағанбетов.- Алматы: TechSmith, 2018.- 344 б. 3. Ахмедьярова М.В. Экономикалық теория: оқу құралы / Ахмедьярова М.В., Жоламанов Е.М., Оралтаев Т.; Т.Рысқұлов атындағы Жаңа экономикалық университеті. - Алматы, 2016. 4. Есенғалиева Қ.С. Экономикалық теория: оқулық / Қ.С. Есенғалиева; ҚР Білім және ғылым м-трлігі; Қазақстан-Британ техн. ун-ті.- Алматы: Экономика, 2015.- 576 б. 5. Куратко Д.Ф. Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика.

- 10-басылым.-Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018 жыл – 480 бет.
6. Мәуленова, С.С. Экономикалық теория: 1-бөлім: оқу құралы / С.С. Мәуленова, С.Қ. Бекмолдин, Е.Қ. Құдайбергенов.- 2-бас., өнд.- Алматы: Эпиграф, 2017.- 184 б.
7. Есполов Т.И. Экономикалық теория: оқулық / Т.И. Есполов, Қ.М. Бельгібаев, Ж.Ж. Сулейменов; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Алматы: ҚазҰАУ, Айтұмар, 2012.- 261 б.
8. Исқалиев М.Д. Экономикалық теория негіздері / М.Д. Исқалиев.- Алматы: [б. ж.], 2013.- 304 б.
- Қосымша әдебиеттер
9. Хамитова К. Экономика және кәсіпкерлік негіздері: оқулық / К. Хамитова.- 3-бас. толықт., өнд.- Астана: Фолиант, 2016.- 200 б.- (Кәсіптік білім).
10. Лашкарева О.В. Экономическая теория: учебное пособие / О.В. Лашкарева.- Алматы: TechSmith, 2018.- 260 с.
11. Қамысбаев М.Қ. Микроэкономика: экономикалық маманд. оқитын күндізгі оқу бөлімінің студенттеріне арн. әдістемелік нұсқау / М.Қ. Қамысбаев, Б.М. Асанов, Ж. Жарылқасын; ҚазҰАУ.- Алматы, 2012.- 30 б.
12. Пястолов С.М. Экономическая теория: учебник / С.М. Пястолов.- 6-е изд., стереотип.- М.: Академия, 2017.- 272 с.

Пәннің коды мен атауы	Мік 1202 Микроэкономика
Пәннің ПОҚ	Джумабаева А.М., Саурукова А.К.
Пән циклі	БП/ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	6В04101 - «Экономика»
Академиялық кредит саны	6
Оқыту формасы	күндізгі
Семестр	II
Пәннің пререквизиттері	Экономикалық теория
Пәннің постреквизиттері	Макроэкономика, Кәсіпорын экономикасы, Кәсіпкерлік
Пәннің мақсаты	Студенттерге микроэкономиканың әдістері туралы, нарықтық экономика субъектілерінің мінез-құлқын объективті бағалау үшін негізгі микроэкономикалық модельдер туралы және олардың бизнес-ортада табысты өзін-өзі жүзеге асыруы туралы түсінік беру
Пәннің мазмұны	Микроэкономиканың пәні мен әдістері. Экономиканы реттеудің нарықтық механизмі. Сұраныс пен ұсыныстың икемділігі. Салықтардың әсері. Тұтынушының мінез-құлқын теориясы. Салыстырмалы статика және сұранысты талдау. Өндіріс теориясы. Өндіріс шығындары. Фирманың мінсіз бәсекелестік

	жағдайындағы мінез-құлқы. Монополист-фирманың тәртібі. Монополистік Бәсекелестік және олигополия жағдайындағы фирманың тәртібі. Еңбек нарығы. Капитал нарығы және жер нарығы. Жалпы тепе-теңдік және экономикалық тиімділік. Ақпараттың сыртқы әсерлері және асимметриясы. Қоғамдық игіліктер.
Пәннің күзіреттілігі	Пәнді меңгергеннен кейін бакалавр: - біледі: графикалық модельдерді құру механизмін, экономикалық заңдардың әсері мен көрінуін; - түсінеді: әр түрлі нарықтық құрылымдардағы экономикалық агенттердің өзара қарым-қатынасын; - қолдана алады: микродеңгейде әлеуметтік-экономикалық процестер мен құбылыстарды есептеу және талдаудың қазіргі заманғы әдістерін; - құзыретті: тиімді шаруашылық шешімдердің нұсқаларын кәсіби әзірлеу және негіздеуге.
Қорытынды бақылау формасы	Емтихан
Мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі әдебиеттер 1. Мэнкью Грегории Н., Тейлор Марк П. Экономикс. 4-халықаралық басылым.-Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018 жыл – 848 бет. 2. Мәуленова С.С. Экономикалық теория [Мәтін]: 1-бөлім: оқу құралы / С.С. Мәуленова, С.Қ. Бекмолдин, Е.Қ. Құдайбергенов.- 2-бас., өнд.- Алматы: Эпиграф, 2017.- 184 б. 3. Сулейменов Ж.Ж. Микроэкономика [Текст]: учеб. пособие / Ж.Ж. Сулейменов, Ж.К. Карымсакова; Казахский Национальный Аграрный университет.- Алматы: КазНАУ, 2013.- 260 с. 4. Бекжанова Г.Е. Микроэкономика [Мәтін]: оқу құралы / Г.Е. Бекжанова.- Алматы: Экономика баспасы, 2012.- 192 б. 5. Ғабит Ж.Х. Микроэкономика [Мәтін]: оқулық / Ж.Х. Ғабит, А. Доғалов, Н. Досмағанбетов.- Алматы: Print-S, 2012.- 424 б. 6. Қамысбаев М.Қ. Микроэкономика [Мәтін]: экономикалық маманд. оқитын күндізгі оқу бөлімінің студенттеріне арн. әдістемелік нұсқау / М.Қ. Қамысбаев, Б.М. Асанов, Ж. Жарылқасын; ҚазҰАУ.- Алматы, 2012.- 30 б. Қосымша әдебиеттер 7. Parkin M. Microeconomics. - Almaty: public Foundation "National Translation Bureau".- 13th head.- Almaty: National Translation Bureau, 2020. - 548 P. - (Ruhani Zhangyru. New humanitarian knowledge). 8. Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика. 10-басылым.-

	<p>Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018 жыл – 480 бет.</p> <p>10. Косов Н.С. Микроэкономика [Текст]: учеб. пособие / Н.С. Косов, Г.И. Терехова, Н.И. Саталкина; под ред. Н.С.Котова.- М.: ИНФРА-М, 2018.- 247 с.- (Высшее образование. Бакалавриат).</p> <p>11. Пястолов, С.М. Экономическая теория [Текст]: учебник / С.М. Пястолов.- 6-е изд., стереотип.- М.: Академия, 2017.- 272 с.- (Профессиональное образование).</p> <p>12. Мэнкью, Н. Микроэкономика. / Н. Мэнкью. - СПб.: Питер, 2013. - 544 с.</p> <p>13. Бакалавр: микроэкономика [Электронный ресурс]: учебник / под ред. А.Ю.Юданова.- CD-ROM, 512Мб.- М.: Кнорус, 2013.</p> <p>14. Сулейменов, Ж.Ж. Микроэкономика [Текст]: учеб. пособие / Ж.Ж. Сулейменов, Ж.К. Карымсакова; Казахский Национальный Аграрный университет.- Алматы: КазНАУ, 2013.- 260 с.</p>
--	---

Пәннің коды мен атауы	ЕІТ 1203 Экономикалық ілімдер тарихы
Пәннің ПОҚ	Джумабаева А.М., Саурукова А.К.
Пән циклі	БП / ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	6В04101 - «Экономика»
Академиялық кредит саны	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	II
Пәннің пререквизиттері	Қазақстанның қазіргі заман тарихы; Экономикалық теория
Пәннің постреквизиті	Макроэкономика; Кәсіпорын экономикасы
Пәннің мақсаты	Студенттердің экономикалық теориядағы экономикалық идеялар мен көзқарастары жүйелеудің ерекшеліктері мен негізгі сатылары жайлы түсінігін қалыптастыру, көрнекті экономистердің шығармашылық мұрасын қолданбалы экономикалық пәндерді зерттеуде және шаруашылық өміде қолданудың маңыздылығын көрсету, қоғамның даму тарихында экономикалық ой пікірдің ағымдары мен бағыттарының түрлі теориялық мектептердің пайда болуына ықпалын көрсету.
Пәннің мазмұны	Экономика ілімдерінің тарихы пәні және әдістері. Классикалық саяси экономияның қалыптасуы. Постмануфактуралық кезеңдегі классик–смитандық теориясындағы өзін-өзі реттейтін экономика. К.Маркстің «Капиталындағы» классикалық саяси экономияның дамуы. Маржинализм және неоклассикалық экономикалық теорияның қалыптасуы. Неоклассикалық мектептің дамуы және неолиберализм.

	<p>Кейнсиандық және оның дамуы. Әлеуметтік–институционалдық бағыт. Социалистік идеялардың дамуы. ХХғ. экономикалық теориясына кеңес ғалымдарының үлесі. Қазақстандағы экономикалық көзқарастардың қалыптасуы және дамуы. Қазіргі микроэкономика және оның әдіснамасы. Сұраныс пен ұсыныс теорияларының негіздері. Сұраныс пен ұсыныстың икемділігі теориясы. Тұтынушылық таңдау теориясы. Өндіріс теориясы. Өндіріс шығындары. Жетілген бәсеке жағдайындағы ұсыныс. Монополия.Монополиялық бәсеке және олигополия. Өндіріс факторларының нарығы.</p>
Пәннің күзiреттiлiгi	<p>Пәнді меңгергеннен кейін бакалавр:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жетекші ғылыми мектептердің өкілдерін және олардың ғылыми ізденістерінің бағытын, сондай-ақ бүгінгі экономикалық ғылым үшін олардың зертеулерінің маңыздылығын біледі; - шиеленісті экономикалық үдерістерді дұрыс бағалауды түсінеді; - жүргізілген экономикалық реформалардың нәтижесін бағалау үшін алған білімін тәжірибеде қолдану дағдыларын қолдана алады; - қазіргі экономикалық теорияның негізгі бағыттары мен тұжырымдамаларын еркін бейімделуге құзыретті.
Қорытынды бақылау формасы	Емтихан
Мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Исқалиев М.Д. Экономика ілімінің тарихы: 3 томдық. 1-том / М.Д. Исқалиев; ҚР білім және ғылым м-гі.- Алматы: [б. ж.], 2013.- 304 б. 2. Исқалиев М.Д. Экономика ілімінің тарихы: 3 томдық. 2-том: оқу құралы / М.Д. Исқалиев; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Алматы: Жания-Полиграф, 2013.- 340 б. 3. Молдашов Н.О. Экономика ілімінің тарихы: кестелі оқу құралы (практикум) / Н.О. Молдашов, А.Қ. Ауелбекова.- Алматы: Эверо, 2020.- 140 б. 4. Үсенов С.А. Экономикалық теорияның қысқаша курсы: оқу құралы / С.А. Үсенов, А.С. Үсенова, М.У. Спанов.- Алматы: Полиграфкомбинат, 2019.- 72 б. 5. Экономикалық ілімдер тарихы: оқу құралы / Б.Нұрманова, Ғ.Даулиева, Г.Төлешова, З.Ахметова; әл-Фараби атын. ҚазҰУ.- Алматы: Қазақ университеті, 2020.- 223б. <p>Қосымша әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 6. Благих И.А. История экономических учений: учебник для академического бакалавриата / И.А. Благих, А.Н.

	<p>Дубянский. - Люберцы: Юрайт, 2016. - 611с.</p> <p>7. Войтов, А.Г. История экономических учений: учебное пособие для бакалавров / А.Г. Войтов. - М.: Дашков и К, 2016. - 232с.</p> <p>8. Гловели Г.Д. История экономических учений: учебное пособие для бакалавров / Г.Д. Гловели. - М.: Юрайт, ИД Юрайт, 2013. - 777с.</p> <p>9. История экономических учений: учебник / под ред. А.С. Квасова. - М.: ЮНИТИ, 2016. - 495с.</p> <p>10. Шишкин М.В. История экономических учений: учебник для бакалавров / М.В. Шишкин, Г.В. Борисов, С.Ф. Сутырин. - Люберцы: Юрайт, 2016. - 383с.</p>
--	--

Білім беру бағдарламасы: 6В04101 - «Экономика»

Берілетін дәреже:

«6В04101 - «Экономика» білім беру бағдарламасы бойынша экономика бакалавры

2 КУРС

Цикл	Код	Пәндер	Академ. кредит
3 СЕМЕСТР – 30 АКАДЕМИЯЛЫҚ КРЕДИТ			
<i>Міндетті компонент – 2 кр.</i>			
ЖБП	DSh 2107	Дене шынықтыру	2
<i>Жоғары оқу орны компоненті – 28 кр.</i>			
БП	Мақ 2205	Макроэкономика	6
БП	Sta 2206	Статистика	5
БП	Еко 2208	Эконометрика	5
БП	Kar 2207	Қаржы	6
<i>Таңдау компоненті - 6кр.</i>			
БП	Mar 2209	Маркетинг	6
4 СЕМЕСТР - 32 АКАДЕМИЯЛЫҚ КРЕДИТ САНЫ			
<i>Міндетті компонент – 12 кр.</i>			
ЖБП	Fil 2102	Философия	5
ЖБП	АКТ 2105	Ақпараттық - коммуникациялық технология (ағылшын тілінде)	5
ЖБП	DSh 2107	Дене шынықтыру	2
<i>Жоғары оқу орны компоненті – 20 кр.</i>			
БП	Men 2210	Менеджмент	5
БП	BE 2211	Бухгалтерлік есеп	5
БП	HE 2212	Халықаралық экономика	5
БП	OP 2213	Өндірістік практика	5

Пәнді сипаттау формуляры

Пәннің коды мен атауы	Мақ 2205 Макроэкономика
Пәннің ПОҚ	Саурукова А.К., Бейсенова Г.Ш.
Пән циклі	БП / ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	6В04101 – «Экономика»
Академиялық кредит саны	6
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	III
Пәннің пререквизиттері	Экономикалық теория; Микроэкономика
Пәннің постреквизиті	Аймақтық экономика және басқару
Пәннің мақсаты	Экономикалық саясаттың нәтижелілігін объективті бағалау мақсатында макроэкономиканың принциптері,

	әдістері, негізгі макроэкономикалық модельдер туралы түсінік беру.
Пәннің мазмұны	Макроэкономиканың пәні мен әдістері. Макроэкономикалық көрсеткіштер. Ұлттық кірісті өндіру және бөлу. Экономикалық өсу. Макроэкономикалық тұрақсыздық: экономикалық циклдар, жұмыссыздық, инфляция. Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңдердегі нарықтық тепе-теңдіктің макроэкономикалық моделі. AD-AS моделі. Тұтыну және жинақтау. Мемлекеттік бюджет. Фискалдық саясат. Ақша сұранысы мен ұсынысы. Монетарлық саясат. Нарықтардың өзара іс-қимылы. IS-LM моделі. Экономикалық циклдер және мемлекеттік борыш. Төлем балансы және оның құрылымы. Ашық экономика үшін IS-LM моделі. Айырбас бағамының режимдері және жиынтық сұраныс. Халықаралық сауда және сауда саясаты. Халықаралық сауда және сауда саясаты.
Пәннің құзіреттілігі	Пәнді меңгергеннен кейін бакалавр: <ul style="list-style-type: none"> - макроэкономикалық модельдерді құру ерекшеліктерін білу; макроэкономикалық теорияның негізгі тұжырымдамаларының принциптері мен құралдары арасындағы айырмашылықты біледі; - макроэкономикалық нарықтарда экономикалық агенттердің өзара іс-қимыл механизмін түсінеді; - макроэкономикалық саясаттың тиімділігін талдау кезінде нормативтік-құқықтық базаны, статистикалық, экономикалық-математикалық әдістердің қолдана алады; - әр түрлі елдердегі макроэкономикалық саясаттың нәтижелілігін салыстыра білу; заманауи макроэкономикалық құбылыстарға өз көзқарасын дәлелдеуге құзыретті.
Қорытынды бақылау формасы	Емтихан
Мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі әдебиеттер: <ol style="list-style-type: none"> 1. Мэнкью Н.Г. Экономикс / Н.Г. Мэнкью, М.П. Тейлор; ауд. Л.Ә.Бимендиева, Р.Д.Досжан, Г.К.Иляшова [ж.т.б.]- 4-бас.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018.- 848 б.- (Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық). 2. Лашкарева О.В. Макроэкономика: учебное пособие / О.В. Лашкарева.- Алматы: TechSmith, 2018.- 324 с. 3. Лашкарева О.В. Макроэкономика: метод. указания для подготовки к семинарам для студентов экон. спец. / О.В. Лашкарева.- Алматы: TechSmith, 2018.- 64 с. 4. Догалов А.Н. Макроэкономика: экономикалық

	<p>мамандықтарға арн. оқулық / А.Н. Догалов, Н.С. Досмағанбетов.- Алматы: Дәуір, 2012.- 416 б.</p> <p>5. Көшімова М.Ә. Макроэкономика: оқу құралы / М.Ә. Көшімова.- Алматы: Экономика, 2014.- 178 б.</p> <p>Қосымша әдебиеттер:</p> <p>6. Ғиззатова А.И. Макроэкономика: оқу құралы / А.И. Ғиззатова, А.А. Ким; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Алматы: Бастау, 2014.- 408б.</p> <p>7. Мэнкью Н. Макроэкономика / Н. Мэнкью, М. Тейлор.- 2-е изд.- СПб.: Питер, 2016.- 560 с.</p> <p>8. Капканщиков С.Г. Макроэкономика: учебник для вузов / С.Г. Капканщиков.- 3-е изд., перераб. и доп.- М.: КНОРУС, 2015.- 406с.</p> <p>9. Марыганова Е.А. Макроэкономика: экспресс курс: учебное пособие / Е.А. Марыганова, С.А. Шапиро; Рос. академия предпринимательства.- М.: КНОРУС, 2015.- 300 с.</p>
--	---

Пәннің коды мен атауы	Sta 2206 Статистика
Пәннің ПОҚ	Шегір Ғ., Сейтбекова С.,
Пән циклі	БП / ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	6В04101 - «Экономика»
Академиялық кредит саны	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	III
Пәннің пререквизиттері	Математика (мектеп бағдарламасы); Микроэкономика
Пәннің постреквизиті	Бухгалтерлік есеп
Пәннің мақсаты	Кәсіпкерлерге арналған бухгалтерлік есеп, қаржы және валюта
Пәннің мазмұны	Статистиканың пәні мен міндеттері. Статистикалық бақылау. Статистикалық мәліметтер және топтастыру. Абсолюттік және салыстырмалы шамалар. Вариацияның орташа шамалары мен көрсеткіштері. Іріктеп бақылау. Динамика қатары. Индекстер. Әлеуметтік-экономикалық құбылыстардың өзара байланысын Статистикалық зерттеу. Халық және еңбек ресурстары статистикасы. Ұлттық шоттар жүйесі, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер. Халықтың тұрмыс деңгейінің статистикасы.
Пәннің құзіреттілігі	<p>Пәнді меңгергеннен кейін бакалавр:</p> <ul style="list-style-type: none"> - статистикалық деректерді жинау, өңдеу және талдаудың жалпы принциптерін, тәсілдерін, әдістерін біледі; - әлеуметтік-экономикалық құбылыстарды сипаттайтын статистикалық көрсеткіштерді есептеу техникасын түсінеді; - әлеуметтік-экономикалық құбылыстар мен

	<p>процестерді талдауда статистикалық әдістерді қолдана алады;</p> <p>- статистикалық зерттеулерді ұйымдастыру мен жүргізуде, олардың нәтижелерін талдау мен болжауда, сондай-ақ нақты макро-экономикалық құбылыстар мен процестерді зерттеу кезінде экономикалық статистикада осы әдістерді пайдалануда құзыретті.</p>
Қорытынды формасы	бақылау Емтихан
Мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Дуглас К.М. Сапаны бақылаудың статистикалық әдістері: заманауи кіріспе: 2-том: оқулық / К.М. Дуглас; ағыл. тілінен ауд. С.Ж.Айжамбаева, Г.Ө.Мұқатай; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- 7-бас.- Алматы: ҚР Жоғарғы оқу орындарының қауымдастығы, 2017.- 404 б. 2.Дүйсенбекова, О.О. Өнім және үрдістер сапасын басқарудың статистикалық әдістері: оқу құралы / О.О. Дүйсенбекова.- Алматы: Айтұмар, 2015.- 184 б. 3.Махамбетов, Н.Ә. Статистика: оқулық / Н.Ә. Махамбетов, Ы.Ә. Әміреев; ҚР Білім және ғылым м-трлігі; Қазақ Ұлттық Аграрлық университеті.- Алматы, 2013.- 272 б. 4.Чайковская, Л.П. Инновациялар: менеджмент, статистика есеп және аудит: оқу құралы / Л.П. Чайковская, Ү.А. Аманбаев, С.И. Рыбакова; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Алматы: Бастау, 2012.- 231 б. <p>Қосымша әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 5.Долгова, В.Н. Теория статистики: Учебник и практикум для академического бакалавриата / В.Н. Долгова, Т.Ю. Медведева. - Люберцы: Юрайт, 2016. - 245 с. 6.Ефимова, М. Р. Практикум по общей теории статистики / М.Р. Ефимова, О.И. Ганченко, Е.В. Петрова. - М.: Финансы и статистика, 2016. - 368 с. 7.Мурсалимова, Т.М. Статистика. Индивидуальные задание: учеб. пособие / Т.М. Мурсалимова; МОН РК; НОУ Алматы менеджмент унив.- 2-е изд., перераб. и доп.- Алматы: Алла прима, 2015.- 406 с. 8.Балдин, К.В. Общая теория статистики: Учебное пособие / К.В. Балдин, А.В. Рукоусев. - М.: ИТК Дашков и К, 2015. - 312 с. 9.Батракова, Л.Г. Теория статистики: Учебное пособие / Л.Г. Батракова. - М.: КноРус, 2013. - 528 с. 10.Ефимова, М.Р. Общая теория статистики: Учебник / М.Р. Ефимова, Е.В. Петрова, В.Н. Румянцев. - М.: ИНФРА-М, 2013. - 416 с.

	<p>11.Лысенко, С.Н. Общая теория статистики: Учебное пособие / С.Н. Лысенко, И.А. Дмитриева. - М.: ИД ФОРУМ, НИЦ ИНФРА-М, 2013. - 208 с.</p> <p>12.Селищев, Н.В. Общая теория статистики (для бакалавров) / Н.В. Селищев. - М.: КноРус, 2013. - 432 с.</p> <p>13.Громько, Г.Л. Теория статистики: Практикум / Г.Л. Громько. - М.: НИЦ ИНФРА-М, 2013. - 238 с.</p> <p>14.Қасымова, А.Ғ. Экономикалық талдау: оқулық / А.Ғ. Қасымова, Г.Ж. Танекеева.- Қарағанды: Ақ Нұр,2012.- 262б.</p> <p>15.Статистика в экономике: учеб. пособие / А.Ш.Нурсеит, В.Ч-С.Ким, С.И.Рыбакова и др.; Министерство образования и науки РК.- Алматы: Бастау, 2012.- 440 с.</p> <p>15.Статистика (экономика, бухгалтерлік есеп, аудит): оқулық / Н. Шайтова; Қазақстан Республикасының білім және Ғылым Министрлігі.- Астана: Фолиант баспасы, 2010.- 216 б.</p>
--	--

Пәннің коды мен атауы	Еко 2208 Эконометрика
Пәннің ПОҚ	Тойлыбаев Н., Бейсенова Г.Ш.
Пән циклі	БП / ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	6В04101 - «Экономика»
Академиялық кредит саны	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	III
Пәннің пререквизиттері	Модуль: Экономикаға кіріспе
Пәннің постреквизиттері	Бухгалтерлік есеп/ Салық және салық салу
Пәннің мақсаты	Оқу бағдарламаларының барлық арнайы және қолданбалы пәндерінің тиісті бөлімдерін меңгеру үшін жеткілікті қаржы-экономикалық объектілердің регрессиялық модельдерін әзірлеуде теориялық білімді және практикалық дағдыларды қалыптастыру.
Пәннің мазмұны	Эконометрика пәні және міндеттері. Математикалық статистика ұғымы. Статистика көрсеткіштері. Статистикалық гипотезаларды тестілеу. Статистикалық көрсеткіштер. Статистикалық гипотеза жүргізу. Статистикалық бақылау. Статистикалық мәлімет және топтастыру. Абсолютті және салыстырмалы шама. Орташа мәндер және кедергілер көрсеткіштері. Таңдамалы бақылау. Қосарланған сызықтық регрессия. Қосарланған сызықты емес регрессия. Бірнеше сызықтық регрессия.
Пәннің күзіндеттілігі	Пәнді меңгергеннен кейін бакалавр: - статистикалық деректерді жинау, өңдеу және талдаудың жалпы принциптерін, әдістері мен тәсілдерін біледі;

	<p>- компьютерде бастапқы деректердің өңделуін, макроэкономикалық көрсеткіштерді есептей білу және тұтастай алғанда экономиканың, оның салалары мен секторларының жағдайы мен дамуын талдай білу, салааралық тепе-теңдікті құруды түсінеді;</p> <p>- компьютерлік технологияларды меңгеру дағдыларын, алған білімдерін қызметте қолдана алады;</p> <p>- статистикалық зерттеулерді ұйымдастыру мен жүргізуде, олардың нәтижелерін талдау мен болжауда, сондай-ақ нақты макро-экономикалық құбылыстар мен процестерді зерттеу кезінде экономикалық статистикада осы әдістерді пайдалануда құзыретті.</p>
Қорытынды бақылау формасы	Емтихан
Мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
